10-сынып
1-тур
Оқылым

Тәуелсіз Қазақстан өзінің жер байлығымен, тамаша табиғатымен, аса сұлу өңірлерімен ерекше. Қазақстанның жер қойнауында 90-нан астам пайдалы қазбалардың түрі бар. Оның ең басты байлығы – түсті және қара металдар. Бүгінде ол өзінің аймағында өндірілетін алтын, мыс, мырыш, жез, темір, уран, қорғасын, қалайы, никель, вольфрам сияқты қазба байлықтарымен дүние жүзіне танылған. Сондай-ақ республикамызда тас көмір мен қоңыр көмір, мұнай мен газ, фосфориттер, ас тұзы мен асбест көп.

Еліміздің батыс аймағын Каспий теңізі алып жатыр. Ол – мұнайға аса бай өңір. Солтүстік Қазақстан аймағында ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы жақсы дамыған. Ол – астықты өлке. Орталық Қазақстанда көмір, жез, мыс, ал Шығыс Қазақстанда түрлі-түсті металл өндіреді. Еліміздің оңтүстігінде күріш, мақта, түрлі жеміс-жидектер өседі. Атырау – ең көне қалалардың бірі. Каспий теңізі мен Жайық өзені – бекіре мен қызыл балыққа бай. Қызылорда өзінің «Ақ маржан» күрішімен әлемге әйгілі. Өскемен – ірі өнеркәсіп орталығы, онда қорғасын, мырыш, магний, титан, су электр станциясы бар. Ал Павлодарда қалайы, Шымкентте қорғасын зауыты жұмыс істеп жатыр. (153 сөз)

Оқылым тапсырмалары. 20 балл

1.Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз.
В) Ә) А) Б)

2. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (Қазақстан туралы баяндама жасағанда, шетелдіктерге елімізді таныстырғанда, өлкетану сабақтарында)

3. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (Еліміздің жер қойнауында Менделеев кестесіндегі 105 элемент табылған, республикамыз дүние жүзінде уран, хром және марганец қоры жөнінен - екінші орында, Қазақстанда аса маңызды минералдық шикізат түрлерінің бәрі дерлік бар.)

4. Мәтінге тақырып қойыңыз. (Туған жердің байлығы. Аса бай өлке)